

УДК .619:612.017.11/12,153:636.2

**Муратбаев Д.М.**

«Ветеринариялық медицина» кафедрасының оқытушысы

**СЕПТО-СПРЕЙ” ПРЕПАРАТЫН КЛИНИКА ЖАҒДАЙЫНДА ҚОЙДЫҢ ІРІНДІ ПОДОДЕРМАТИТІН ЕМДЕУГЕ ҚОЛДАНУ**

*В данной статье обсуждается результаты лечение гнойного пододерматита овец с применением препарата «Септо-спрей» .*

*In given article treatment of a purulent pododermatitis of sheep is discussed with application of a preparation "Septo-spray" results.*

Малдәрігерлік статистика деректеріне сәйкес жануарлардың ауруларының жалпы санының 80-85% жұқпалы емес аурулар , ал оның 50% хирургиялық патологиялар алады . Жұқпалы емес аурулар өлім-жітімнің 90% құрайды , сонымен қатар уақытынан ерте етке өткізуді ескеретін болсақ , айтарлықтай шығынға ұшыратады.

Қой шаруашылығында жұқпалы емес аурулардың арасында тұяқ аурулары шығынының ауқымды бөлігін құрайды. Пододерматит – тұяқ негізінің терісінің қабынуы. Бұл ауруға соққылар , қысылулар , ұзақ уақыт тегіс емес жерлер арқылы жүру (асептикалық түрінде), сонымен қатар шіріткіш микроорганизмдер жараға түсуі себеп болуы мүмкін .

Пододерматиттерді екі топқа бөледі : асептикалық және ірінді . Өту барысына қарай жіті және созылмалы , шектелген және диффузды (тұяқтың ревматикалық қабынуы) болады.

Ірінді пододерматит беткейлі және терең болып бөлінеді. Бірінші жағдайда эпидермисте дамыса , екінші жағдайда тұяқтың барлық тіндерін қамтиды.

Жануарларда зақымдану деңгейіне байланысты ақсаңдау байқалынады. Организмнің жергілікті және жалпы температурасы көтеріледі. Тұяқты қысқышпен қысқанда , перкуссия жасағанда қатты ауырсыну реакциясы байқалады . Асептикалық түрінде қанталаулар , беткейлі пододерматитте аз мөлшерде қарасұрғылт, ал тереңде ақшыл-сары ірінді қою экссудат байқалынады.

Малдәрігерлік тәжірибеде пододерматиттерді емдеудің көптеген әдістері мен тәсілдері пайдаланылады. Малдәрігерлік хирургияда жараны өңдейді, өлеттенген тіндер мен ірінді жуып-шайып шығару мен дренаждауды , сонымен бірге антибактериальды терапияны жүргізілуді көздейді. Өндірісте жараларды механикалық тазалаудан кейін , марганец қышқылды калийдің (1:5000) ерітіндісімен жуып , Вишневский жақпа майымен аппликация жасалынады. Сонымен қатар жараларды йодтың тұнбасымен жағып , стрептоцид ұнтағымен немесе йодоформ себеді

Фармакологиялық препараттармен жараларды емдеу өте маңызды . Осы тұрғыдан қарастырғанда йод негізіндегі препараттар ерекшеленеді. Йодтың емдік қасиеттері алғашқы рет Қытайда біздің дәуірімізге үш мың жыл бұрын белгілі болған. Йод негізіндегі препараттар күнделікті тәжірибеде кеңінен қолданыста , бірақ олардың көпшілігінің ортақ кемшілігі –йодтың тітіркендіргіш әсері .

Йод негізіндегі жаңа препараттардың бірі «Септо-спрей» , оның негізгі әсер етуші заты поливинилпирролидон (йодоповидон). 1 мл препаратта 0,03 йодоповидин (0,3% белсенді йод ) бар. Йод қосылысының молекуласының үлкен болуына байланысты йод биологиялық қорғаныш жүйесінен нашар өтеді, ешқандай әсер ете алмайды. Терімен немесе кілегей қабатпен әсерлескенде йодоповидин йодидтарға (30%) және белсенді йодқа айналады , сонғысы біртіндеп және біркелкі босап , ұзақ әсер етеді . Белсенді йод бактериялардың протоплазмасының ақуыздардың белсенді топтарын тотықтандырып , олардың жойылуына алып келеді. Сонымен қатар бактерицидтік әсері жылдам дамиды ( 15-60 с арасында ). Препаратты қолданған жерде жіңішке боялған қабат пайда болады , ол йод толығымен босамағанша сақталады. Қосымша әсер етуші зат ретінде препараттың құрамына глицерин мен эпидермис жұмсартатын және йодтың антисептикалық әсерін жоғарлататын беткейлі-белсенді кешен енгізілген.

Препаратты көрсетілген ерекшеліктері, оған антисептикалық , антипротозойлық және санырауқұлақтарға қарсы қасиет беріп , оның тіндерге тітіркендіргіш қасиетінің болмауы , «Септо-спрей» препаратын амбулаторлық емдеуде , сонымен қатар стационарлық емдеуге қолдануға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты .

«Септо-спрей» препаратының терапевтік тиімділігін малдәрігерлік клиника жағдайында қойдың ірінді пододерматитін емдеуде анықтау.

Материалдар мен зерттеу әдістері.

«Септо-спрей» препаратының терапевтік тиімділігін анықтау 2010 жылдың қыркүйек-қазан айларында Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің малдәрігерлік клинасында және жеке шаруақожалықта жүргізілді. Зерттеу объектісі ретінде 8 бас қой малы алынды. Оларға асқынған ірінді пододерматит диагнозы қойылып, емдеу күнделікті жүргізілді. Тұяқтары зақымдалған қойлардың жарасы хирургиялық ережелерге сай өңделінді, жараны алдымен өлеттенген тіңдерден механикалық тазалап, 3% сутегінің асқын тотығымен, одан кейін марганец қышқылды калийдің (1:5000) ерітіндісімен жуып, «Септо-спрей» препаратын жарадан 15-20 см қашықтықтан жұқа қабат пайда болғанша шашыраттық. Алдыңғы қабат кепкенен кейін қайтара қолданады. Өңделген жараға таңғыш салынады.

Зерттеудің нәтижелері

Қойларда препаратты ірінді пододерматитте қолданылды. Жараны өңдеу бастапқы кезде күніне екі рет жүргізілді. Одан кейін жануардың жағдайына байланысты өзгеріп отырды. Емдеудің бірінші күнінен бастап жараның грануляциясы басталып, 6-7 күн арасында жара тартыла бастады. Зерттеу объектілерінде пододерматит ауруымен қатар тұяқтың вольфартиоз құрттарымен зақымдалу кездесті. Тұяқтың ірінді пододерматиті ауыр өтеді, өйткені бұл мүше басқа мүшелермен салыстырғанда микроорганизмдермен ластануы жоғары, сонымен қатар жаралардың тартылуы қиынға соғады, үнемі механикалық күштің түсуіне байланысты. Жануарлар препаратпен емдегеннен соң, жаралары жазылып, ақсандаулары басылды. Орташа есеппен жануарлардың тұяқтарының толығымен қалпына келуіне бір айдың шамасындай уақыт кетті. Жазылу уақытының ұзаруы жоғарыда көрсетілген себептерге тікелей байланысты. Басқа емдеу препараттарының нәтижелері «Септо-спрей» препаратынымен емдеу кезіндегі нәтижелермен сай. Алынған нәтижелердегі айырмашылық жануарлардың физиологиялық жағдайына, сонымен қатар малдың күтімінің әсері бар. Емдеу күз айларында жүргізілді, осыған байланысты, жануарлардың күйі жақсы болды. Клиника жағдайында қойларға емдеу уақытылы көрсетіліп, емдік процедуралар үзіліссіз жүзеге асырылды.

Қойлардың ірінді пододерматиттің емдеуде «Септо-спрей» препараты өте тиімді антисептик ретінде көрсетті.

#### Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Аухадиев Т.А. Этиология, патогенез, клиническое течение и лечение заболеваний пальцев у овец: Дис. канд. вет. наук. Алма-Ата, 1965.
34. Бурденюк А.Ф., Власенко М.В., Панько И.С. Хирургические болезни сельскохозяйственных животных. Киев.: Урожай, 1988. - С. 150.
- Нахлупин Н.Г. Болезни копыт у овец. М.: Сельхозгиз. – 1950
- Плахотин М. В., Голиков А. П., Шитов С. Т., Литовский К. А. Общая ветеринарная хирургия, М., "Колос", 1966.

УДК 619:916.995.121:636.22/25

**Ысқақов М.М., Кабышева Ж.К.**

### ІРІ ҚАРА МАЛДАРЫНЫҢ ЭЙМЕРИОЗДЫ - МОНИЕЗИОЗДЫ ИНВАЗИЯСЫМЕН ЗАЛАЛДАНУЫ

*В статье приведены данные по экстенсивности ассоциативной, эймериозно-мониезиезной инвазии и интенсивности инвазии эймериями, мониезиями у крупного рогатого скота.*

*This article contains data on extensiveness of associative and eimeria-moniezia invasion and intensity of invasion by eimerias, moniezia of cattle.*

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесі "Қызыл-Жұлдыз", "Ақжар", "Мукур", "Аман", "Молдағали" жеке меншік шаруашылығында бұзаулардың жыл маусымдылығына байланысты эймерия ооцистарымен және мониезия жұмытқалармен залалдануы.

Желтоқсан айында инвазия экстенсиві сиырлада (И.Э.)  $26,5 \pm 1,7\%$ , осыған сәйкес инвазия интенсиві (И.И.)  $1,5 \pm 0,1$  ооциста,  $1,5 \pm 0,1$  жұмыртқа.

Бұзауларда И.Э.  $70 \pm 2,3\%$ , И.И.  $1,5 \pm 0,1$  ооциста,  $1,5 \pm 0,1$  жұмыртқа.

Қаңтар айында сиырларда И.Э.  $15 \pm 1\%$ , осыған сәйкес И.И.  $2,5 \pm 0,1$  ооцист,  $1,5 \pm 0,1$  жұмыртқа.

Бұзауларда И.Э.  $45 \pm 3\%$ , осыған сәйкес И.И.  $5,5 \pm 0,1$  ооцист,  $1,5 \pm 0,1$  жұмыртқа.

Ақпан айында сиырларда И.Э.  $2,5 \pm 0,1\%$ , осыған сәйкес И.И.  $1,5 \pm 0,1$  ооцист, И.И.  $1,5 \pm 0,1$  жұмыртқа.

Бұзауларда И.Э.  $60 \pm 2\%$ , И.И.  $5,5 \pm 0,1$  ооцист,  $1,5 \pm 0,1$  жұмыртқа.